

Күкірт оксидтері

- ◆ Күкірт екі түрлі оксид түзеді: күкірт (IV) оксиді SO_2 және күкірт (VI) оксиді SO_3 .
- ◆ **SO_2** -күкірт (IV) оксиді (күкіртті газ деп те аталады), түссіз, өткір иісті газ. Көп мөлшері адамды уландырады. Ол мата мен қағазды ағарту үшін және дезинфекциялық зат ретінде медицинада, ветеринарияда, көкөніс, жеміс қоймаларын зарарсыздандыруға пайдаланады. Тоқыма өнеркәсібінде жүнді, жібекті ағарту үшін қолданады. Күкірт (IV) оксиді металлургиялық зауыттардың түтінінде көп болады. Оны арнайы сүзгілердің көмегімен ұстап, күкірт (VI) оксидіне айналдырады.
- ◆ Күкірт (IV) оксиді суда өте жақсы ериді.
- ◆ Күкіртті қышқыл-әлсіз қышқыл, ол ашық ыдыста болса, біраздан кейін “әлсірейді”, себебі одан күкіртті газ буланып, ұшып кетеді.